

## Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібі кәсіпорындарын жекешелендіру жөніндегі тендер комиссиясының шешімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 812

"Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібі кәсіпорындарын жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 маусымдағы N 734 Р960734\_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Он бес көмір шахасының: "Восточная" орталық байыту фабрикасының, стандартты емес жабдықтар мен шағын механикаландыру зауытының, сондай-ақ "Қарағандышахтакөмір" мемлекеттік кәсіпорнының өзге де аралас бөлімшелерінің мүліктік кешенін жекешелендіру туралы жабық тендердің қорытындысы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Испат-Кармет" акционерлік қоғамы-тендер женімпазы арасындағы Мұліктік кешенін сатып алу-сату шартын жасассын. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Э.К. Утеповке Мұліктік кешенін сатып алу-сату шартына, сондай-ақ өзге де қажетті шарттар мен құжаттарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қою өкілдігі берілсін.

Мұліктік кешенін сатып алу-сату шартында "Испат-Кармет" акционерлік қоғамы "Қарағандышахтакөмір" мемлекеттік кәсіпорнының активтерін сатып алады, ішкі және сыртқы міндеттемелерді төлеу жөнінде міндеттемелері болмайды, сондай-ақ кәсіпорындардың ішкі және сыртқы қарыздарының заңды құқықтық мұрагерлері алдында міндеттемелер алмайды деп көзделсін.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Испат-Кармет" акционерлік қоғамына мүліктік кешенді белгіленген тәртіппен беруді тіркесін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі "Испат-Кармет" акционерлік қоғамына берілген активтердің сақталуын қамтамасыз етсін, кәсіпорындарды күзетуді үйымдастыруға байланысты мәселелерді шешуде шарттық негізде қажетті көмек көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының геология және жер қойнауын қорғау министрлігі мен Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі "Испат-Кармет" акционерлік қоғамына барлауға және өндіруге лицензия берсін, сондай-ақ сатып алу-сату шартында көзделген шарт бойынша барлауға және өндіруге арналған контракт жасассын.

6. Министрліктер, ведомстволар және жергілікті атқарушы органдар

мұліктік кешенді иеленуге, пайдалануға және іске қосуға қабылдау үшін қажетті жағдайлар жасасын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г. Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК